

МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ӘРІПТЕСТЕР!



ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ

№46
(2321)
Сенбі
28 маусым
2025 жыл


Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті бұқаралық ақпарат саласының қызметкерлері!

Қадірлі сала ардагерлері! Сіздерді 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Халықтың күнделікті тіршілігін, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бүгінгі қоғамның тынысы туралы хабар таратып, халық пен билік арасына дәнекер болып жүрген бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің еңбегі әрқашан да құрметке лайық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Журналистер жұмыс барысында жұртпен етене араласып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жүзеге асыруға зор еңбек сіңіруде», – деп атап өткен болатын.

Қалың бұқара көтерген мәселелерді жан-жақты зерттеп, тереңнен талдай біліп, елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды жобаларды, ел мүддесіне бағытталған игі істерді ақпараттандырып, жақсылықтың жаршысы болған журналистер қауымына ризашылығымды білдіремін.

Алдағы уақытта да әрбір іске қолдау көрсетіп, еліміздің өркендеуі жолында тындырымды тірліктер атқара берулеріңізге тілектеспін.

Кәсіби мерекелеріңізде Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық мол табыс тілеймін.

Қарымды қаламдарыңыз ұштала берсін!

**Ізгі ниетпен,
Мейрамбек
ШЕРМАҒАНБЕТ**

БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Әйтеке би кентіндегі «Руханият» орталығында 28 маусым – Қазақстан Республикасы-Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аудандағы БАҚ өкілдерімен кездесті.

Кездесуде аудан әкімі М.Шермағанбет журналистер қауымын кәсіби мерекесімен құттықтады.

–Құрметті ардагер журналистер!

Қадірлі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!

Сіздерді 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоғамдық-саяси өмірінің сан саласындағы жаңалықтарды, өзгерістер мен өзекті мәселелерді көтеріп, осы бағытта қалтқысыз еңбек етіп жүрген газет және тележурналистердің бас қосып, еңбегі еленіп, бір-біріне жүрекжарды тілектерін білдіретін ерекше мереке.

Осыған орай, жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша Сіздермен дөңгелек үстел басында жүздесуді жөн санадық.

Бүгінгі басқосуға аудандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, журналистика саласының ардагерлері, сондай-ақ жергілікті басылымдардың бас редакторлары мен қызметкерлері қатысып отыр.

Белгілі қоғам қайраткері, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының «Ел

бүгіншіл, біздікі ертеңгі үшін» деген сөзі бар. Сіздердің елдің ертеңі үшін жұмсап жүрген қажыр-қайраттарыңызға, күш-жігерлеріңізге, ерен еңбектеріңізге халықтың да берер бағасы шынайы деп білемін.

Әсіресе, қоғамдық пікірді қалыптастырушы рөл атқарып келе жатқан баспасөз қызметкерлеріне артылатын жүк ауыр.

Себебі жаһандық жаңғыру кезеңінде халықтық атмосфераның барометрі болу, адамзат баласын ортақмүддеге жұмылдыру – журналистердің еншісіндегі міндет.

Журналист мамандығы – жан-жақты білімділікті талап ететін аса жауапты сала. Өз шығармашылығы арқылы қоғамға да, адамға да қызмет ететін, ешқашан қателесуге болмайтын, қашанда жаңаның, жаңалықтың жақтаушысы, қолдаушысы бола алатын осы бір кәсіп иелерінің қатары ауданымызда жыл өткен сайын артып келеді. Бұл, әрине, қуантарлық жағдай.

Бүгінгі мереке аясында «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» қызметін абыроймен атқарып жүрген республикалық «Халық», облыстық «Сыр бойы», аймақтық «Тұран-Қазалы», аудандық «Қазалы» газеттері мен жергілікті «Серік ТВ» телеарнасы қызметкерлерінің еңбегін ерекше атап өткен жөн деп санаймын.

Сіздер өңіріміздің тыныс-тіршілігін, бүгінгі мен ертеңін, кешегі бай шежіресін, қазіргі қоғамдағы тың өзгерістер мен өзекті мәселелерді қалың

бұқараға шынайы әрі шұғыл түрде жеткізіп келесіздер.

Бүгінде біз жаһандық даму көшінен қалыс қалмай, төрткүл дүниедегі маңызды оқиғалардан дер кезінде хабардар болып отырсақ, бұл – ең алдымен Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің жемісі деп білеміз.

Журналистік еңбекқорлығыңыз, материалды өңдеу шеберлігіңіз және өңірдің маңызды оқиғаларын жедел әрі сапалы жеткізудегі кәсіби қызметіңіз әрдайым зор құрметке лайық.

Сондықтан сала қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен тағы да құттықтай отырып, оқырмандар мен көрермендердің көңілінен шығатын тұщымды, сапалы материалдарыңыз көбейе берсін дегім келеді! Шығармашылықтарыңызға шабыт, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін. **Әрдайым өз оқырмандарыңыздың таңдаулысы болып қала беріңіздер,-**деді аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет.

Одан соң аудан басшысы ардагер журналистер мен сала қызметкерлерін аудан әкімінің алғыс хаты, бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Мерекелік шарада әріптестерін ардагер журналистер Қасқырбек Мәмбетжанов пен Алмагүл Қаржаубаева құттықтады.

Салтанатта БАҚ өкілдеріне арналып, ән-жырдан шашу шашылды.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

●Баспасөз - 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады. Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МЕРЕКЕСІ!**ЖУРНАЛИСТ – ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ**

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қоғамдағы орны ерекше. Олар елімізде болып жатқан барлық маңызды оқиғалар мен жағымды жаңалықтарды да халыққа жеткізушілер. Жаңалықты жеткізудің өзі күнделікті ізденіс пен жаңаруды қажет етеді. Кез келген мақаланы жарияламас бұрын оның анық-қанығына жетіп жазғанда ғана оқырман қаламның құдіретіне бас иеді.

Журналистика – кез келген адам игеріп кететін мамандық емес. Бұл – адамның ішкі жан дүниесімен үндес. Бұл мамандықты дипломы бар адам да игере алмауы мүмкін. Бұл салаға келгендер өзін-өзі күні-түні үздіксіз жетілдіріп отырғанда ғана өз мамандығының иесі атанады. Кез келген ақпаратты халыққа толық жеткізе алса, аудиторияны өзіне қарата алса БАҚ өкілдері сонысымен құнды, әрі бағалы.

Өзім ұстазым Әлмәмбет аға

Әлішевтің жетелеуімен журналистика саласында келе жатқаным 21 жыл болды. Мамандығым мұғалім болса да ұстазым бойымда бар қабілетімді ашып, бұл саланы білім саласымен қатар алып жүруге тәрбиеледі. Әлмәмбет ағайымның «Ленин туынан» бастау алып, «Қазыналы Қазалыдан» қанатын қомдап, «Тұран – Қазалымен» өрге жеткен талай талант иесінің осы саланың нанын жеп, суын ішіп, журналист деген атаққа жеткізгені елге аян. Қай қалам ұстаған журналисті айтсақ та, бәрі Әлмәмбет ағаның мектебінен өтті. Аға үйретуден жалықпайтын. Баспасөз саласының қыр-сыры мен қаламның құдіретін ұқтырған ұстазыма өмір бойы басымды иемін. Рухы риза болсын!

Жаңалықтардың жаршысы болып жүрген аймақтық «Тұран Қазалы» газетінің ұжымын 28 маусым – бұқаралық ақпарат



құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Қаламдарыңыз мұқалмасын, жазарларыңыз сарқылмасын, оқырмандарыңыз таусылмасын! Мерекелеріңізбен, әріптестер!

Шәрбану БАЕКЕЕВА,
«Тұран – Қазалы» газетінің
штаттан тыс тілшісі

**МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ
ҚҰТТЫ
БОЛСЫН!**

Журналистер бетекеден биік, жусаннан аласа болып жүреді. Халықтың қамын, талап-тілегін, олардың сойылын соғып, мүддесін қорғап, әділдік жолында күресіп, маңдай терін төгеді.

Атақты ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек, білімді болу үшін оқу керек, бай болу үшін кәсіп керек, күшті болу үшін бірлік керек, осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген сөздерін ұлтымыздың, халқымыздың санасына жеткізуге журналистер бар күшін салуда. Жақсы баянды істі мақтады, кері тартқандарды сынға алды. Одан залал шеккен адам болған жоқ. Кейінгі ұрпақ үлгі аларлық көп жұмыстар атқарылды.

Журналистикаға жол салып кеткен ұстаздарымыз: Сейіл Боранбаев, Әлмәмбет Әлішев ағаларымызды үнемі еске алып, олардың жақсы сөздерін, ағалық қамқорлығын, ұмытпаймыз. Сағынышпен еске аламыз. Олар басшымыз деп төске ұрған жоқ. Жастарға тәрбие есігін ашты.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіндегі әріптестеріме мерекелерің құтты болсын! От бастарыңа аманшылық, бала –шаға ортасында солардың қызығымен рахатын көріп, ұзақ жасауларыңа тілектеспін. Қаламдарың мұқалмасын! Адамның сана-сезімінің жетілу процесін төртке бөліп, балалықты ерлікпен, жігіттікті албырттықпен, жігіт ағасын байсалдылықпен, қариялықты ақыл-дариылықпен ұстастырып жұптастырудың өзі керемет емес пе?

Жеткербай МАХАМБЕТ

ҚАЛАМДАС ДОСТАРҒА ТІЛЕК

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні. Негізі бұқаралық ақпарат құралдары билік пен халық арасындағы байланыстырушы көпір болып табылады. Әйгілі Міржақып Дулатов «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы мықты»-деген екен. БАҚ қызметкерлерінің еңбегі қоғамдық пікірді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны да белгілі. Журналистика еңбекқорлықты, табандылықты, сауаттылықты ізденімпаздықты талап ететін қызмет. Адам тағдырына немқұрайлы қарамайтын мемлекет үшін де, еліміздің әр азаматы үшін де шынайы ақпарат таратудың жауапкершілігін сезінетін де осы қалам ұстаған журналистер

мен тілшілер.

Жаңаның жаршысы мен жақсының жақтаушысы болып жүрген аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің қызметкерлері де тұшымды ақпараттармен тың деректерді оқырмандарға ұсынуда еселі еңбек етіп келеді. Газет мазмұнының, тартымдылығын сақтап, халықтың пікірімен санасып, талғамына сәйкес бәсекелестікке қабілеттілігін көрсетуде. Газетте жарияланған аймақ, аудан көлеміндегі жаңалықтармен тылсым дүниелер сырлары жайлы мазмұнды мақалалар оқырмандар сүйсініп оқитындай дәрежеде.

«Тұран-Қазалы» ЖШС директоры Нұрбол Әлмәмбетов, редактор Раушанбек Сейтенов, дизайнер

Жылқайдар Жұлдызай, тілші Ібраш Ұлпан, баспа қызметкері Тойбазаров Темірғали, есепші Жұбанова Фариза және Ният Айнагүлдің газетті уақытылы шығарудағы еңбегі ерекше. Газеттің штаттан тыс тілшілері: Жеткербай Махамбет, Шәрбану Баекеева, Гүлшахар Әймішевдалар өзекті де шынайы ақпарат жеткізудің нағыз майталмандары.

Қаламдас достарымды төл мерекелерімен құттықтай отырып, оқырмандардың қызығушылығын тудыратын жазарларың көбейе бергей, отбастарыңа бақ-береке, дендеріңе саулық тілеймін.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Аудандық орталық
«Жанқожа батыр» мешітінің
баспасөз
хатшысы

АҚПАРАТ АЙДЫНЫНДАҒЫ АБЗАЛ ЖАНДАР

Жыл сайын елімізде 28 маусым – БАҚ өкілдерінің мерекесі ретінде атап өтіліп келеді. Бұл күн қарымды қаламгерлердің қажырлы еңбектеріне алғыс айтатын күн. Ел арасындағы елең еткізер жаңалықтарды жарыққа шығарып, оны барша жұртқа жеткізуде БАҚ өкілдерінің еңбегі ерен.

Қаламды серік еткен журналистер қауымы –ел ішіндегі өзекті мәселелерді көтеріп, шынайы ақпараттарды тарату арқылы қоғамның дамуына үлкен үлес қосып келеді. Олар күннің ыстық-суығына қарамай,

күндіз-түні елге қызмет етіп, жақсы жаңалықтардың жаршысы болуда.

Қазіргі таңда газет-журнал ғана емес телерадио, әлеуметтік желілер мен интернет басылымдар арқылы да ақпарат тарату заман ағымына сай кеңінен қанат жайып отыр. Осындай алуан түрлі алаңда еңбек етіп жүрген журналистер –ел ішіндегі тыныс –тіршіліктің айнасы. Бұл мереке қаламы арқылы елдің үнін,мұң-мұқтажын, қуанышын жеткізіп жүрген барша журналистер қауымына көрсетілетін

құрметтің белгісі. Журналистика –аса жауапкершілік пен адалдықты қажет ететін мамандық. Шынайы ақпарат тарату жолында журналистер қауымы ел мүддесі үшін қалтқысыз қызмет етуде.

Әрдайым әділдікті ту еткен барша БАҚ өкілдерін бүгінгі кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз! Газет-журналдар мен әлеуметтік желілерге таралған әрбір мақала оқырман жүрегінен орын алсын!

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

«XXI ҒАСЫРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТРИГГЕРЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДА ФОРУМ ӨТТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен "Өнер орталығында" «XXI ғасырдың қаржылық триггерлері» тақырыбында форум өтті. Форумға Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, жауапты сала басшылары, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларының мамандары, зиялы қауым, белсенді жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы қоғамдағы күрделі мәселелерді талқылап, алдағы бірлескен маңызды міндеттерді айқындау мақсатында атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

«Цифрлық шешімдер жылдам дамыған уақытта азаматтарым ыздың құқықтарын қорғаудың, қаржылық сауаттылығын, құқықтық мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы артты. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында: «Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның, әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз», - деп нақты міндеттерді белгілеген болатын.

Биыл 1 сәуірде Үкімет қаулысымен «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдама»



бекітіліп, нақты міндеттер белгіленді. Өңірімізде Мемлекет басшымыздың «Заң мен Тәртіп» қағидасын іске асыруда Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментімен бірлесіп, кешенді шараларды қолға алдық. Жаңа бастамаларға әрдайым қолдау көрсетіп келеміз. Заманауи мүмкіндіктерді өз пайдасына асырған алаяқтар жасаған қылмыстар азаматтардың лайықты өмір сүруіне теріс әсер етуде. Түрлі гаджет мен смартфондағы бағдарламалардың көмегімен жасалатын алаяқтық, кибершабуылдар схемасы сәт сайын өзгеріп, қадамдары жаңарып барады. Халықтың қаржылық қауіпсіздігі үшін қаржылық пирамидалар, құмар ойындарға тәуелділік,

интернет-алаяқтық, дропперлік қылмыстардың алдын алуда уақытылы, тиісті шешімдер қабылдаудың маңыздылығы артты. Бір қарағанда жеке адамның мәселесі секілді көрінуі мүмкін. Бұл – тұтас қоғамға, әрбір отбасыға, ұрпағымыздың болашағына әсер ететін қауіп-қатер.

Біз ашықтық қағидатына сәйкес, қала, аудандарда халықтың өзекті мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен бірге қоғамдық қабылдауларды тұрақты өткізіп келеміз. Бұл өз кезегінде тұрғындардың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырып, әділетті қоғам құруға оң ықпал етті. Елімізде заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі заң қабылданып, кешенді

шараларға жол ашылды. Бұл кеселмен халық, әлеумет болып күресуіміз керек. Лудомания дертіне шалдыққан адаммен психологтар, дін мамандары жұмыс істеп, жеңіл жолмен келген ақша пайда әкелмейтінін, тек адал еңбекпен тапқан табыстың ғана берекесі болатынын ұғындыруымыз қажет.

Бүгінгі форумда ұсынылған тың идеялар мен жаңа бастамалар жүйелі іске ұласып, нақты нәтижелерге бастайды деп сенемін. Форум жұмысына сәттілік тілеймін!», - деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Руслан Сатыбалдиев, дінтанушы Нұрлан Асанов, айтыскер ақын Мұхтар Ниязов, Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Аслан Кеңес баяндама жасап, қаржылық сауаттылықтың маңыздылығына тоқталды. Қоғам дертіне айналған құмар ойынға әуестіктің қауіпті екенін айтты.

Іс-шарада облыс тұрғындарының қаржылық сауаттылығын арттыру, қаржы пирамидалары мен лудоманияға қарсы күрестің алдын алу бағытында белсенді әрі нәтижелі еңбек еткен азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЖАНКЕНТ ҚАЛАШЫҒЫНДА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



ҚР Ұлттық музейінің директоры Берік Әбдіғалиұлы, облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов Жанкент қалашығындағы археологиялық қазба жұмыстарының барысымен, жаңадан табылған тарихи-мәдени жәдігерлермен танысты.

Жанкент қалашығы – Қазалы ауданындағы республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіші. Қазақстанның ортағасырлық, соның ішінде түркі-оғыз тайпаларының тарихын зерттеудегі маңызды ны-

сан. VII–XII ғасырлардағы Сыр бойындағы ірі қалалардың бірі, Оғыз қағанатының астанасы саналған. Мұнда 2014 жылдан бері қазақстандық және шетелдік археологтардың қатысуымен кешенді зерттеу жүргізілуде.

Сапар барысында Ұлттық музейдің басшысы Қорқыт Ата университетінің ректоры Бейбіткүл Кәрімовамен және тарихи орынға жатқан университеттің археологтарымен кездесіп, жұмыс

нәтижелерін жоғары бағалады. Бірлескен жобаларды жүзеге асыру, табылған жәдігерлерді сақтау мен музейлендіру жолдарын талқылады. Қазба барысында табылған жәдігерлер ортағасырлық кезеңнің сауда, мәдениет және діни салттарын зерттеуге тың серпін береді.

Облыста 567 тарихи-мәдени мұра нысаны мемлекет қорғауына алынған, оның 31-і республикалық, 256-ы жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген, 280 нысан алдын ала есепке алынған. Мәдениет және ақпарат министрлігі «Жібек жолы: Ферғана-Сырдария дәлізі» сериялық трансұлттық номинациясы бойынша Сығанақ, Жанкент қалашықтары мен Жетіасар мәдениет ескерткіштерін ЮНЕСКО-ның негізгі тізіміне енгізу жұмыстарын жүргізуде.

Облыстық бюджет есебінен жыл сайын ежелгі Бәбіш мола және ортағасырлық Жанкент, Сығанақ қалашықтарында кешенді археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, музейлер қоры 10 мыңға жуық экспонат-

пен толықтырылды. Табылған жәдігерлердің негізінде «Шірік Рабат сақ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы», «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» тарихи реконструкциялары жасалды.

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында тарихи-мәдени мұраларды сандық форматқа көшіру және желі қолданушыларына қолжетімді ету үшін 3D форматтағы интерактивті карта (virtualmap.kyz) жұмыс істейді. Сайт 2018 жылдан бері қолданыста.

Қала, аудан орталықтарына жақын орналасқан республикалық және жергілікті маңызы бар 194 ескерткішке QR-код орнатылып, қонақтар мен туристерге толық ақпарат ұсынылған.

Одан кейін Берік Әбдіғалиұлы Қазалы ауданындағы «Руханият орталығына» барды.

«Руханият орталығындағы» неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі келушілерге қызмет көрсетуде.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

● Маманның кеңесі

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР
МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ
КЕЗЕКТІ КОМИССИЯ
ОТЫРЫСЫ ӨТТІ**

Аудан әкімінің орын-басары Жәнібек Алиевтің төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның кезекті отырысы өткізілді.

Комиссияның күн тәртібінде 3 мәселе қаралды. Алдымен кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын алу бойынша атқарып жатқан жұмыстары туралы аудандық көпбейінді орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Күншығар Әбілов баяндама жасады. Мұнан соң, театр, мұражайлар мен басқа да мәдени ошақтарға балалар мен жасөспірімдердің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөнінде аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұржан Аралбаев, үшінші мәселе Қазалы қаласы бойынша жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар және алдағы міндеттер жайында қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Асқар Масақов баяндады.

Жиында комиссия мүшелері күн тәртібінде қозғалған мәселелерді талқылап, өздерінің ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Комиссия төрағасы Жәнібек Алмасұлы комиссияда көтерілген мәселе бойынша жауаптыларға нақты тапсырмалар жүктеді. Сонымен қатар жасөспірімдердің жазғы демалыс кезеңіндегі қауіпсіздігін, олардың бос уақыттарын тиімді өткізу бағытында тиісті шаралар ұйымдастыру керектігін айтты. Сондай-ақ, олардың арасында оқыс оқиғалар, құқық бұзушылықтар мен қылмыстар болған жағдайда комиссия жедел шешім қабылдап, алдын алу жұмыстарын жүргізуі қажеттігін жеткізді.

Айта кетейік, комиссия төрағасы жиын соңында алдыңғы комиссия отырыстарында қаралған балалардың жағдайы туралы сөз қозғап, комиссияда қаралған әрбір жасөспірімнің жағдайы үнемі назарда болу керектігін жеткізді.

**Қазалы ауданы әкімінің
баспасөз қызметі**

ДЕРМАТОМИКОЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Дерматомикоз – бұл микроскопиялық саңырауқұлақтар тудыратын жұқпалы тері ауруы. Саңырауқұлақтар денені, аяқ-қолды, шашты, бастың бет бөлігін зақымдайды. Ауру адамдарға науқас адаммен, жануарлармен тікелей қарым-қатынаста болған жағдайда немесе науқас адамның заттарын қолданған кезде жұғады. Берілу жолдары: қарым-қатынас жасағанда, шаш, жүн, бас киім, төсек жабдықтары, тарақ, қайшы және тұрмыста қолданылатын заттар арқылы.

Аурудың инкубациялық кезеңі 1 аптадан 1 айға дейінгі аралықты құрайды. Дерматомикоз ауруының зақымдануының белгілері қоздырғыштың түріне және зақымдану орнына байланысты:

- шашының түсуі мен терінің қабыршақтануымен бірге жүретін бас терісінде бөртпе пайда болады;
- тегіс теріде дөңгелектенген айқын шекаралары бар, шеттері көтерілген қабыну дақтары пайда болады. Зақымданған ошақтың ортасында

құрғақтанған қабыршықтар болуы мүмкін.

Науқастың жалпы жағдайы нашарлап, әлсізденеді. Уақытында дәрігерге қаралмау аурудың созылмалы түріне айналып, ары қарай емдеуді қиындатуы мүмкін.

Балалар ұйымдарында дерматомикоздың алдын алу-да науқастарды ерте анықтау, оларды оқшаулау, сонымен қатар уақтылы емдеу мен жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау маңызды орын алады.

Дерматомикоз ауруын алдын алу үшін:

- ешқашан бөгде адамның киімін, бас және аяқ киімін пайдаланбау;
- сүлгіні және төсек жабдықтарын ыстық сумен жиі жуу, ыстық үтікпен міндетті түрде үтіктеу;
- тарақты таза ұстап, басқаларға қолдануға бермеу;
- с а н и т а р и я л ы қ саңырауқұлақтарға сай профилактикалық залалсыздандырылу жұмыстары жиі жүргізіліп тұратын моншаларға, сауналарға, жүзу бассейндеріне және

спортзалдарға бару;

- үйге қаңғырған мысықтар мен иттерді кіргізбеу, жануарлармен қарым-қатынастан, құм алаңдарында ойыннан кейін қолды мұқият жуу;

- ата-аналары балаларына қол жуу қағидаларын үйрету, қаңғыбас жануарлармен ойнамауды ескерту;

- үй мысықтары мен иттерде аурудың алғашқы белгілері пайда болысымен-ақ, оларды емдеу үшін ветеринариялық дәрігерге көрсету.

Егер денеңізде аурудың белгілері, атап айтқанда денеңізде қабыршақтанған қызыл дақты, шашыңыз сынып, түсе бастағанын байқасаңыз, дереу тұрғылықты дерматолог дәрігерге қаралыңыз.

**К.РАЙСОВА,
ҚР ДСМ СЭБК РМК
«Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК
Қызылорда облысы
бойынша филиалының
Қазалы аудандық
бөлімшесінің
залалсыздандыру
бөлімінің
дезинструкторы**

ЛАГЕРЛЕРДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ

Өрт-адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянтигізеді. Қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіреді.

Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайда іс-әрекет:- шұғыл «101» телефонына өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз; -өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы заттарды алыңыз; - өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп, электр токтарын ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын-

алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

Ғимараттағы тоқ сымдары мен желілеріне, электр бұйымдарына үнемі қараңыздар;

Қолдан жасалған электр құрылғыларын қолданудан аулақ болыңыз;

Электр желілері мен құрылғыларындағы ақауларды өз бетіңізше емес, арнайы мамандардың көмегі арқылы қалпына келтіргеніңіз абзал;

Эвакуациялық жолдар мен есіктердің жарамдылығын,

олардың кедергісіз ашылуы мен пайдаланылуына мән беріңіз;

Ғимараттағы өрт дабыл қондырғылары мен бастапқы өрт сөндіру құралдарының жұмысқа жарамдылығын бақылауда ұстаңыз;

Ғимарат ішінде немесе белгіленбеген орындарда темекі шекпеңіз;

Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына үнемі назар аударыңыз;

Өртті байқаған кезде дереу «101» немесе «112» телефон нөмірлеріне қоңырау шалыңыз

**Қазалы ауданы Төтенше
жағдайлар бөлімі**

● Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі 101 бұйрығына сәйкес, ағымдағы жылдың 9 сәуірінен бастап Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тауық жұмыртқаларының транзитін, сондай-ақ олардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір

мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше екінші мемлекеттің аумағына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтуін қоспағанда, ел аумағына барлық көлік түрлерімен үшінші елдерден және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен тауық жұмыртқаларын әкелуге

алты ай мерзімге тыйым салынғанын назарларыңызға ұсынамыз.

(Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатуралық коды: 040721)

**ҚР АШМ ВБЖҚК-нің
Қазалы аудандық
аумақтық
инспекциясы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.